



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Селқостықпен
күрес
селден сақтайды

2-бет



Жел жетелеген
жаңғыру

5-бет



Ән – олардың
тағдыры

8-бет



САЛТАНАТ

Сапалы еңбектің салмақты бағасы

Мәдениеттен ұлттың болмысы, дүниетанымы, қадір-қасиеті көрінеді. Сол себепті де саналы, келешекке сеніммен қараған ұлыс мәдениеті мен өнерін қастерлейді, аялайды, қорғайды. 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында өңірдегі өнерпаздар мен сала қызметкерлеріне облыс әкімінің сыйлығы табысталды. Бұл – еңбек еленіп, құрметке бөленетін күн.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиынды облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құттықтау сөзімен бастады. Аймақ басшысы халық үшін мәдениет пен өнердің атқарар зор миссиясына тоқталды.

– Сіздерді 21 мамыр – мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Мәдениет – ел руханиятының өзегі, ұлттың өткені мен бүгінін сабақтастырып, келешекке бағыт беретін асыл құндылықтардың бірі. Сіздердің халық игілігі үшін атқарып жатқан елеулі еңбектеріңіз өңіріміздің дамуына зор септігін тигізуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Мәдениет – қоғам дамуының негізгі тіректерінің бірі. Сондықтан, бұл саланы дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болуы тиіс» деп атап өткен еді. Бұл сөздер сіздердің еңбектеріңіздің ел дамуындағы орнын анық көрсетеді. Қарағанды облысында 7 мыңнан астам мәдениет қызметкері еңбек етуде. Еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысы мәдениет пен өнер саласына жасалып жатқан қолдау ту-



ралы да айтты. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде 2022 жылдан 2025 жылға дейін еңбекақы төлеу қоры 100%-ға ұлғайтылғанын тілге тиек етті. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын лауазымдық айлықақыларға қосымша 30% мөлшерінде ынталандырушы үстемеақылар енгізілгенін атап өтті. Сала қызметкерлері баспамен де қамтамасыз етіліп жатыр. Мәселен, Доскей ауылында 40 пәтер берілген. Қали Байжанов атындағы

концерттік бірлестіктің қызметкерлері үшін 19 пәтерлік жатақхана қайта жаңартылуда. «Шалқыма» концерт залы, Станиславский атындағы орыс драма театры, цирк ғимараты сияқты нысандарды қайта жаңарту жоспарға енгізіліпті. Қарағанды қаласында 1500 орындық концерт залы құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Бұл – Арқаның өнер сүйген жұрты үшін сүйінші жаңалық. Өйткені, осы мәселе бірнеше жылдың көлемінде көтеріліп келе жатқан еді.

Ермағанбет Бөлекпаев Қарағандының аспанын домбыраның үніне бөлеген халықаралық «Ортеке» фестивалі ЮНЕСКО-ның «Материалдық емес мәдени мұра» бағдарламасының пилоттық жобасына еніп, халықаралық деңгейде мойындалғаны – өңір үшін зор мақтаныш екенін айтты. Сонымен қатар, Алаштың ақиық акыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлының 75 жас мерейтойына орай ұйымдастырылған шығармашылық кеш – Қарағандының бе-

делін одан әрі арттырғанын да айтты.

Биыл өңірдегі мәдениет пен өнердің дамуына үлес қосып жүрген сала майталмандарына берілер қаржылай сыйлықтың мөлшері ұлғайтылған.

Марапаттау рәсіміне мереке қарсаңында «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алған Әсет Әбілдин арнайы қатысты. Облыс әкімі атақтың жаңа иесін жұрттың алдында құттықтады.

2-бет


БІЗДІҢ СҰХБАТ

Құрыш қала дұрыстала береді

Еліміздің ең ірі өндірісті орталықтарының бірі Теміртаудың тыныс-тіршілігі көпшілікке аса тансық емес. Десе де, қаланы қала етіп тұрған негізгі кәсіпорынның тапжылмастай көрінген бұрынғы қожайыны кетіп, жаңа инвестор келгеннен бергі бір жылда бірталай оң өзгерістерге қол жеткендей. Шаһардың күй-қуатын, осындағы әлеуметтің әл-ауқатын алдымен ойлайтын атқамінерлер қарап отырған жоқ. Бүгінгі Теміртаудың ахуалы нешік, «Qazmet»-тің жаңа басшылығы өз мақсат-міндеттерін уағдаға сай атқарып жатыр ма? Қала әкімі Ғалым Әшімовпен сұхбатымыз да осы төңіректе өрбиді.

– Ғалым Әбіханұлы, металлургиялық комбинаттың иесі ауысқанына бір жылдан астам уақыт өтті. Қалалық билік пен «Qazmet» АҚ арасындағы қарым-қатынас қалай қалыптасуда? Компания өз міндеттемелерін, соның ішінде әлеуметтік жауапкершілік пен экология саласындағы шараларды орындап жатыр ма?

– Металлургиялық комбинаттың жаңа иесі келгеннен бері қала мен «Qazmet» компаниясы арасында жақсы



қарым-қатынас орнады. Біз бірлесіп жұмыс істеп, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған маңызды істерді қолға алып жатырмыз. Ком-

пания өз міндеттерін орындап, қаланың дамуына да үлес қосып жатыр. Әлеуметтік жауапкершілікке ерекше көңіл бөледі. Өткен жылдың соңы-

да компания кәсіподақтармен жаңа ұжымдық келісімшартқа қол қойып, жұмысшылардың жаалақысын көтерді. Сонымен қатар, қаламыздың көркеюіне де атсалысып жатыр: кіреберіс стеллалар жаңартылды, жаңа мурал салынды, Металлургия саябағы абаттандырылды. Көптен күткен трамвай қозғалысы да қайта жанданды. Экология да басты назарда. Кәсіпорын табиғи газға көшуді бастады, бұл ауа сапасын жақсартуға оң әсер етеді. 2025 жылдың жазына қарай домна цехының бірінші кезеңі қосылады деп күтілуде. Сонымен қатар, соңғы жылдары қала маңына 800 мыңнан астам ағаш отырғызылды, жыл сайын көшеттер беріледі. «Qazmet» спортты да қолдайды, әсіресе балалар мен жасөспірімдер спортына ерекше мән беріп, халықаралық жарыстарға демеушілік жасап келеді. Хоккей жанкүйерлері үшін қуанышты жаңалық – «Qazmet» клубының жетістіктеріне компания тарапынан қолдау бар. Біз бірлесе отырып, қаламызды жақсарту үшін жұмыс істеп жатырмыз. Алда да осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыра береміз. Біздің ортақ мақсатымыз – Теміртауды жайлы, таза әрі дамыған қалаға айналдыру. Бұл бағыттағы жұмысымыз жалғаса береді.

3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 575.28

•USD/KZT 511.59

•RUB/KZT 6.33

•CNY/KZT 70.86

Қазақстан Ұлттық Банкінің
21 мамыр, 2025 жылғы дерегі бойынша

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылушы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай 10 447,44 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 386,60 тг
Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға 5 882,60 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 074,60 тг

Анықтама телефоны:
☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
✉ E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

Мекенжайымыз:
Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат

Сапалы еңбектің салмақты бағасы



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Құрмет» орденімен Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының әртісі – Александр Бойко марапатталды. «Жыл әртісі» номинациясы С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының жоғары санаттағы әртісі Бауыржан Нұрмағанбетов пен К.Станиславский атындағы облыстық орыс театрының жоғары санатты актрисасы Светлана Федоренкоға табысталды. «Жылдың классика жанрының вокалісі» номинациясы Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігі «Арай» ансамблінің әртісі Рысты Рахымжанға берілді. «Үздік халық әндерін орындаушысы» номинациясына Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігі басшысының орынбасары Сержан Мұсайын лайық деп танылды. «Эстрадалық жанрдың үздік вокалісі» номинациясының сыйлығы Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Мерей» ансамблінің әртіс-вокалісі Әсел Қарабаева иеленді. «Үздік айтыскер» номинациясы бойынша айтыскер ақын, журналист, «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының мүшесі» Еркеғали Бекболат топ жарды. «Жылдың үздік инструменталисі» номинациясында Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің Тәттімбет атындағы академиялық



қазақ халық аспаптары оркестрінің әртісі Қайрат Омаровтың жұлдызы жарық болды. «Жылдың үздік инструменталисі» номинациясының сыйлығы академиялық музыкалық комедия театрының концертмейстері Жанна Шестаковаға берілді. «Жылдың үздік жеке аспапта орындаушысы» аталымы бойынша Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің әртісі Арман Айнабаев, «Жыл хореографы» номинациясы бойынша Теміртау мәдениет сарайының «Глория» үлгілі хореографиялық ансамблінің жетекшісі Светлана Харченко марапатталды. «Балет және хореографиялық ұжымының үздік әртісі» номинациясы Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігі «Аққу» хореографиялық ансамблінің балет әртісі Нүргүл Мұстафиноваға берілді. «Ауыл мәдениетінің үздік қызметкері» номинациясы Нұра ауданының Мәдениет үйінің концертмейстері Амангелді Шахарбаева, «Демалыс уақытын үздік ұйымдастырушы» номинациясы Бұқар жырау ауданы, Доскей ауылы клуб-кітапханасының мәдени-ұйымдастырушысы Дариға Билялова, «Үздік көркемөнерпаздар ұжымының жетекшісі» номинациясы Кеншілер мәдениет сарайының вокалдық-аспаптық ансамблінің жетекшісі Валерий Роголевқа табысталды. «Үздік архивист» номинациясында Бұқар жырау ауданының мемлекеттік ар-

хивінің бас қор сақтаушысы Әсел Балпанова, «Ауылдың үздік кітапханашысы» номинациясында Абай ауданы, Құрма ауылы кітапханасының кітапханашысы Шолпан Қамышева, «Жылдың үздік кітапханашысы» номинациясында Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған облыстық арнайы кітапхананың қызмет көрсету бөлімінің басшысы Айжан Исина үздік болды. «Алтын жолақ» номинациясының сыйлығына облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, белгілі қаламгер Еркін Мұсабеков, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Еркәнат Кенесбекұлы лайық деп танылды. Еркін Мұсабеков мінберге шығып, әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтай отырып, қазақ халқы үшін мәдениет пен өнердің алар орны тұрасында ілкімді пікірін айтты. – Бұл күн тек мәдениет пен өнер саласының қызметкерлеріне ғана қатысты деп айтсақ, қателесеміз. Бұл – өнерді қастерлеген қазақ деген ұлы халықтың мерекесі. Өнеріміз өркендеп, мәдениетіміз көркейсін! – деді Еркін Мұсабеков. «Музейдің үздік қызметкері» номинациясының сыйлығын Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің экскурсиялық-бұқаралық бөлімінің меңгерушісі Гүлім Сыздықова иеленді. 2025 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп атаған еді. Осыған орай, быыл «Техникалық қызметтердің үздік қызметкері» аталымы тізімге еніпті. Осы аталымның сыйлығы К.Станиславский атындағы облыстық орыс театрының сахна машинисі Мейрам Аязбаев пен Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театры ремонт цехының меңгерушісі Мейірман Абрамановқа берілді. «Көркемдік-қойылымдық бөлімнің үздік қызметкері» номинациясында Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің костюм меңгерушісі Алма Құлмағамбетова марапатталды. «Көркемдік-қойылым бөлімнің үздік қызметкері» номинациясы академиялық музыкалық комедия театрының ағаш ұстасы Ерлан Молдаәлімге бұйырды. Облыс әкімінің ең басты сыйлығы – «Мамандығына адалдығы үшін» номинациясы. Бұл сыйлық Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің Еркеғали Рахмадиев атындағы академиялық симфониялық оркестрінің әртісі Жаннета Алдыхановаға табысталды. Салтанатты шараның соңында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің кавалері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, өңірде мәдениет саласының қарыштауына зор үлес қосқан Рымбала Омарбековаға сөз берілді. – Осы сала қызметкерлерінің, жалпы өнер адамының жаны нәзік келеді. Болмашыға өкпелеп, болмашыға баладай қуанатын ерекше жандар. Өнерпазды аялап, мәпелеп жүру – міндет. Еңбектерін елеп, мәртебесін қастырып отырған абзал. Баршаңызды құттықтаймын! – деді Рымбала Омарбекова.

Суреттерді түсірген Жәнгелді ӘБДІҒАЛЫМ

Селқостықпен күрес селден сақтайды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Көктем келгенде көңілді алаңдататын бір жайт бар – ол су тасқыны. Тасқын дегеніміз – тек қарғын емес, ескерілмеген жағдайда ауылды шайып, шанырақты шайқалтып, талай тағдырды сарсаңға салатын табиғат сынағы. Ал, оған қарсы тұру – немқұрайдылықпен, ұйқыдағы жүйемен күрес. Биыл облыс бұл сынақтан сүрінбей өтті. Су көтерілді, өзендер арнасынан асты, бірақ, жаппай апат орын алған жоқ. Бұған себеп – уақытында жүргізілген жүйелі жұмыс, алдын ала жасалған жоспар және ең бастысы – жауапкершілікті сезінген азаматтардың бірлігі.



Салтанат ІЛНІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Марғұлан Аманбаевтың айтуынша, су тасқынына дайындық әдеттегіден ерте басталып, кең көлемде жүргізілген. Бұл жолы қауіп-қатердің алдын алуға бағытталған 180-ге жуық шара жүзеге асқан. Оның ішінде 65 шақырым қорғаныс бөгеттері мен біліктері тұрғызылып, 18 шақырымнан астам өзен арналары тазартылған, 26 шақырым дренаж жүйелері қалыпқа келтірілген. – Су тасқынына қарсы күрес – бұл бір күндік жұмыс емес. Ол – жыл бойғы жоспар мен тәртіптің жемісі. Биылғы тұрақты кезең – алдын ала ойластырылған жүйелі дайындықтың айқын көрінісі, – деді Марғұлан Аманбаев төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі облыстық комиссия отырысында. Су алған ауылдар болмауы сандар мен есептер ғана емес. Бұл – көктемгі түндерде қолына күрек алып, бөгетті бекіткен құтқарушының, ауылдағы арықты ашып жүрген жергілікті тұрғынның, сонау қиырдағы ауылға ауысыммен барып, суды бұрып жатқан техник маманның ерен еңбегі.

Олардың ішінен ерекшеленгендерге құрмет көрсетіліп, Алғыс хаттар табыс етілді. Жылда көретін тасқын – жылда қайталанатын қауіп. Сондықтан, оның алдын алу да кешіктірілмеуі керек. Облыс басшылығы бұл бағытта болашаққа көз жүгіртіп, келесі жылға дайындықты осы бастан қолға алды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев нақты тапсырмалар жүктеді. – Су тасқынының апатсыз өтуі – кәсіби даярлық пен тиянақты бақылаудың нәтижесі. Келесі кезеңге дайындық бүгіннен басталуы тиіс. Жұмыс тоқтамауы керек, – деді өңір басшысы. Мәселен, Қарқаралы бөгетінің шлюзі жөндеуді қажет етеді, ал, Қарқаралы өзенінің арнасын кеңейту мен тереңдету күн тәртібіне шықты. Қаракөл ауылында қорғаныс білігін нығайту тапсырылды. Сонымен қатар, трассалардағы су өткізу кабілетін арттыру, өзендерді санациялау және су шаруашылығы нысандарын жөндеу секілді техникалық шаралар рет-ретімен жүргізілмек. Су тасқыны – жыл сайын қайталанатын сынақ. Бірақ бұл сынақтан ел болып, ес жигандар ғана өтеді.

Суреттерді түсірген Жәнгелді ӘБДІҒАЛЫМ



• БРИФИНГ

Мемлекеттік саясатқа жастар келеді

Маусымның бірінен Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу басталады. Осымен өткізгелі отырған бұл – төртінші іріктеу. Үш науқан барысында мемлекеттік қызметке 60 мыңнан астам адам қызығушылық танытқан. Нәтижесінде резервке 400 адам қабылданды. Оның 318-і мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарға жұмысқа орналасты. Бұл – жалпы қатысушылардың – 80%-ы.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, әдеп кенесінің төрағасы Жандос Сәрсеннің айтуынша, биылғы науқанда ерекшелік бар. – Төртінші іріктеудің ерекшелігі – резервтің әр салалық бағыты бойынша квоталар қарастырылып, іріктеу сол салалық бағыт бойынша ғана жүргізілетін болады. Атап айтқанда, «әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам», «инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты», «экономикалық және қаржылық саясат», «цифрланды-

ру», «агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау», «сыртқы саясат және инвестициялар» бағыттарына бөлінді, – дейді спикер. Кандидаттарға қойылатын талаптар бұған дейін өткізілген іріктеудің талаптары сияқты. Яғни, қатысушылардың жасы 35-тен аспауы, жоғары білімі, кемі бес жыл еңбек өтілі және қазақ тілін меңгеру деңгейі В1 деңгейінен төмен емес болуы тиіс. Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады және 2025 жылдың маусым-қазан айлары аралығында өтеді. Оның қорытындысы бойынша резервке үздік 50 кандидат іріктеледі. Олар резервке қабылданған күннен бастап 3 жыл ішінде конкурстық іріктеуден өтпей-ақ, тікелей түрлі мемлекет-



тік лауазымдарға тағайындалуы мүмкін. Қатысуға өтінімді pkrezerv.gov.kz сайтында 1-30 маусым аралығында беруге болады. – Көрсетілген мерзім ішінде қатысушы ЖСН және электрондық поштанан енгізу арқылы сайтта тіркеуден өтуі қажет. Кан-

дидаттың жасы тексерілгеннен кейін оған жеке кабинетте анкетаны толтыруға және қажетті құжаттарды жүктеуге мүмкіндік беріледі. Сайтқа тіркелу үшін жоғары білім туралы диплом, еңбек қызметін растайтын құжат және мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес меңгергенін

растайтын әрі жарамды Qazaq resmi test немесе Kaztest сертификатының көшірмелерін енгізуі керек. Сонымен қатар, жоғарыда айтып өткен алты салалық бағыттың бірін таңдауы тиіс. Әр салаға қажеттілігіне қарай квота бөлінеді, – деп атап өтті Жандос Шералыұлы. Өтінім беру кезінде мемлекеттік тілді меңгергені туралы жарамды мерзімі бар сертификат болмаған жағдайда кандидатқа берілген промокод арқылы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығында мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – Kaztest бойынша сертификаттық тестілеуден немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында «www.qrt.kz» Qazaq resmi test тестілеудің онлайн-сервисінде тестілеуден бір рет тегін өту мүмкіндігі беріледі. Аталған промокодты кандидат жеке өзі пайдалануы тиіс. Іріктеу Президент Жарлығымен бекітілген ережелерге

сәйкес алты кезеңнен тұрады. – Бірінші кезең – құжаттарды қабылдау және кандидаттарды тексеру. Екінші кезеңде қатысушының мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті бағаланады. Одан кейінгі кезеңде ситуациялық тапсырмаларды шешеді. Құзыреттерді бағалау және құзыреттер бойынша сұхбат төртінші кезеңде өтеді. Бесінші кезеңде сарапшылық комиссияда әңгімелесу ұйымдастырылады. Іріктеу соңғы кезең – ұлттық комиссия отырысымен аяқталады, – деп түсіндірді Жандос Сәрсен. Спикердің айтуынша, Президенттік жастар кадр резервіне барлық өңірден қатысуға болады. – Ауыл жастарының да қатысуға мүмкіндігі бар. Департамент мамандары жер-жерлерге шығып, науқан жайлы насихат жұмыстарын жүргізеді. Осы жолы өтпей қалғандар аумақтық кадр резервіне өту мүмкіндігі бар. Немесе келер жылы бағын сынап көреді. Резервте тұру уақыты аяқталған қатысушылар қайта құжат тапсыра алады, – деді Жандос Сәрсен.

Құрыш қала дұрыстала береді

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Биыл сіздер жүзеге асыруды жоспарлап отырған маңызды жобалар қандай?

– Биыл Теміртауда үлкен және маңызды жобаларды жүзеге асыру жоспарда бар. Бұл жобалар қала тұрғындарын баспанамен, сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге, сондай-ақ, экологиялық және әлеуметтік жағдайды жақсартуға бірден-бір септігін тигізеді. Бірінші кезекте, тұрғын үй құрылысы қарқынды жүзеге асуда. 270 пәтерден тұратын үш көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, әлеуметтік осал санаттағы отбасылар үшін 31 пәтер сатып алынады. Бұл – 301 отбасының шаңырағы қуанышқа толады деген сөз. Сонымен қатар, «4А орамында» үш ірі тұрғын үй кешені салынып жатқаны баршамызға мәлім. Қазіргі таңда олардың құрылысы жоспарға сәйкес жүргізілу барысында.

Сондай-ақ, қаланың инженерлік инфрақұрылымын дамытуға барлық жағдайларды жасауға тырысып жатырмыз. Су құбыры және кәріз желілерін жаңарту, жана су арналары мен электр желілерін тарту жұмыстары қарқынды түрде іске асып жатыр. Бұл қаланың барлық аудандарында су, электрмен жабдықтау және кәріз жүйесінің сапасын арттыруға септігін тигізеді. Жылу желілерін жаңғырту – осы жылдың басым бағыттарының бірі. 2022 жылдан бері қалада тозығы жеткен және апаттық аумақтардағы жылу жүйесін толықтай жаңарту бірінші орында тұр. 2025 жылы бірқатар жобаларды аяқтау жоспарланған, сондай-ақ, 2026 жылға дейін жалғасатын ірі нысандардың құрылысы басталады. Қосымша жаңа орталық қазандық, резервтік жылу магистралі және Республика даңғылы бойында жылу желілерінің құрылысы жобалану үстінде. Қала экологиясын жақсарту және жеке секторды газбен қамтамасыз ету бойынша да маңызды қадамдар жасап жатырмыз. Биыл газ тарту желілерінің құрылысы аяқталып, 6,4



отырған жобалардың бірі – газдандыру. Өйткені орталық газ желісіне қосылу тұрғындардың тұрмысын айтарлықтай жеңілдетіп қана қоймай, экологиялық ахуалды жақсартуға да оң ықпалын тигізеді. Әрі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде де аса маңызды рөл атқаратынын айта кеткен жөн. Өкінішке қарай, қаламызда құйылмалы газды қолдану ережесін сақтамау салдарынан қайғылы жағдайлардың орын алғанын да білесіздер. Сондықтан, біз үшін газдандыру – болашақ үшін жасалған маңызды инвестиция саналады. Газдандыру жобасы қолға алынғалы бері жеке сектордағы көптеген тұрғын үйлер орталық газ желісіне қосылу мүмкіндігін алды. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасуда. Әйтсе де, бірқатар қиындықтар да бар. Мәселен, «Теміртау» АГРС-нан «Сарыарқа» магистральдық газ құбырынан тарту, 1-кезең, 3-кезең» жобасы бойынша

қадағалау) бақылайды. Құбырды жаңғырту арқылы қаладағы су жүйесін жақсартып, апаттық жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Әрі бұл қала тұрғындарының өмір сапасын арттырып, инженерлік инфрақұрылымдарды жаңғырту бағытындағы маңызды қадамдардың бірі болмақ.

– Айтпа-айта әбден жауыр болған мәселенің бірі – қоғамдық көліктің жұмысы. Былтыр қалада жана жолаушы тасымалдау компаниясы жұмыс істей бастаған көрінеді. Бұл түйткілді мәселенің түйінін тарқатуға көмектесе алды ма? Жолаушы тасымалы саласында не өзгерді?

– Бізде жолаушы тасымалы 28 маршрут бойынша жүзеге асырылады. Оның ішінде 15 бағыт қала ішінде болса, сегіз бағыт қала сыртындағы елдімекендерге, ал, бес бағыт саяжайларға жолаушы тасымалдайды. Бұл бағыттар бойынша 10 тасымалдаушы қызмет көрсетіп келеді. Олардың иелігінде 157 автобус бар. Бұл жерде басты қиындық – қалаішілік жолаушы тасымалын ұйымдастыруда болып отыр. Шағымдардың көпшілігі осы ішкі маршруттарға байланысты. Осыған дейін ішкі маршруттардың басым бөлігіне ие болып келген компания автобустардың күнделікті рейске толық шығуын қатамасыз ете алмады. Сондықтан, әлеуметтік маңызға ие бес маршрутты (№6, 7, 14, 22, 23) «ECOBUS QK» ЖШС бергенбіз. Компания ай сайын шамамен алғанда 350 мыңға жуық жолаушы тасымалдайды. Былтыр қаладағы жолаушы тасымалдаушы компаниялар 25 жана автобус сатып алған болатын. Биыл 8 ақпанда «ECOBUS QK» ЖШС 20 жана автобус әкеліп, маршрутқа шығарды. Алдағы уақытта QazTechna компаниясы Yutong маркалы тағы 60 автобус жеткізеді. Жаңа автобустардың келуі жолаушы тасымалы сапасын жақсартып, көліктердің күнделікті рейске толық шығуын қамтамасыз етеді. Әрі жаңа автобустар мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандустармен жабдықталған. Яғни, қала тұрғындары үшін барынша қолайлы жағдай жасауға тырысып жатырмыз. Тағы бір айта кетерлік маңызды дүние, қаламызда 2024 жылдың 1 мамырынан бастап, электронды төлем жүйесі енгізілді. Ал, 1 шілдеден бастап сараланған тариф іске қосылды: қолма-қол төлем жасаған жағдайда жолақы 140 теңге, ал карта арқылы төлем жасағанда 70 теңге. Бұдан бөлек, былтыр 4 қазаннан бастап, халықты қолдау мақсатында 7-18 жас аралығындағы балаларға қалаішілік маршруттарда тегін жол жүру мүмкіндігі берілді. 1 сәуірден бастап облыс орталығы Қарағанды қаласының тарифімен теңестіру жоспарланған. Қазіргі уақытта қалалық маршруттардағы тарифті 100 теңге мөлшерінде белгілеу қарастырылып жатыр. Бұл жолаушылар тасымалы сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жол ақысын төлеуе жағдайларын болдырмау үшін бақылау күшейтіледі. Автобустардың қозғалыс кестесін сақтау маңызды, сондықтан қызмет сапасын

«Театр киім ілгіштен басталады», деген жақсы сөз бар ғой. Ал, кез келген қаланың келбеті – орталық көшесінен-ақ аңғарылады. Теміртау қаласы үшін Металлург даңғылының тарихи да, рухани-мәдени де маңызы зор. Сондықтан оны жаңғыртып, қайта қалпына келтіру – аса маңызды инфрақұрылымдық жоба. Қазір біз оның соңғы сатыларына жақындап қалдық.

сорғы станциясын салу. Біз бұл мәселені жан-жақты қарастырып шықтық. Жоспар бойынша, биыл көктемде құрылыс жұмыстары басталып, 17 ай ішінде жаңа құбыр төселеді. Мемлекеттік сараптамадан өткен (№10-0182/24, 01.10.2024 ж.) жобаның жалпы ұзындығы – 26,65 км құрайды. Жоба құнының 10% жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. Ал, қалған сомманы республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер арқылы бөлінуі жоспарланған. Жобаны жүзеге асыруға «НС-Система» ЖШС бас мердігер ретінде тағайындалды. Ал, құрылыстың сапасын «L.A.D. Stroy» (техникалық қадағалау) және «ТС-Индустрия» ЖШС (авторлық

бұзған автопарктердің субсидиясы қайта қаралады. Жалпы алғанда, қалада қоғамдық көлік жүйесін дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Қызмет көрсетудің жаңа стандарттарын енгізу тұрғындар үшін жайлы әрі ыңғайлы болады деген ойдамыз.

– Металлургтер даңғылына тоқталып өтсек. Жарты ғасыр бойы күрделі жөндеу көрмеген даңғылда ауқымды жаңғырту жобасы қолға алынды. Былтыр жолдың тақ сан қатары жабылып, бірқатар жұмыстар атқарылған-ды. Биыл жобаның аясында қандай жұмыстар тындырылды? Жөндеу жұмыстары қашан аяқталады?

– «Театр киім ілгіштен басталады», деген жақсы сөз бар ғой. Ал, кез келген қаланың келбеті – орталық көшесінен-ақ аңғарылады. Теміртау қаласы үшін Металлург даңғылының тарихи да, рухани-мәдени де маңызы зор. Сондықтан оны жаңғыртып, қайта қалпына келтіру – аса маңызды инфрақұрылымдық жоба. Қазір біз оның соңғы сатыларына жақындап қалдық. Былтыр даңғылдың тақ сан қатарында негізгі жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, Республика даңғылынан бастап Абай көшесіне дейінгі аралықтың асфальт қабаты жаңадан төселіп, жиектастары ауыстырылды. Сонымен қатар, суағарлар салынып, заманауи жарықтандыру жүйесі іске қосылды. Біздің мақсатымыз, тек, автокөлік жолдарын ғана жөндеп қою емес, сонымен қатар жаяу жүргіншілер үшін де жайлы жағдай жасау. Бұл ретте жол жиегіндегі автотұрақтардың ыңғайлы орналасуы да басты назарға алынды. Абай көшесінен бастап Мир даңғылына дейінгі аралықта жолға ресайклинг жұмыстары жүргізіліп, төменгі қабатына асфальт төселді. Мұнда да жиектаста жаңартылып, суағар салынды. Алдағы уақытта жаяу жүргіншілер жолына брусчаткалар төселіп, жарықтандыру желісі жолға қойылады.

Даңғылдың басталар тұсы, яғни, «Қарағанды-Теміртау» тас жолына шығар тұстағы айналма бөліктен бастап Амангелді даңғылына дейінгі аралықта жөндеу жұмыстары былтыр толық аяқталып, пайдалануға берілген болатын. Бұл көлік қозғалысына айнағұрлым жақсартуға мүмкіндік бергенін атап өткен жөн. Биыл біз Амангелді көшесінен бастап Мир даңғылына дейінгі учаскені және даңғылдың жұп сан қатарын қайта қалпына келтіру жұмыстарын қолға аламыз. Бұл ұзақ мерзімді жобаның соңғы кезеңі. Жөндеу жұмыстары толық аяқталған соң Металлург даңғылы қаламызға көрік беріп, тұрғындар үшін жайлы әрі қауіпсіз орындардың біріне айналады. Дәл қазір біз жұмыстардың сапасы мен уақытылы аяқталуына басымдық беріп отырмыз.

– Сіз бұған дейін де Теміртау қаласының әкімі лауазымын атқардыңыз. Сол кезде күн сайын қаланы жаяу аралап, велосипедпен жүретін едіңіз. Қазір осы дағдыңыз өзгерді ме?

– Жоқ, бұл әдетім өзгермеді. Қайта мен қазір күн сайын таңғы уақытта 8-10 мың қадам жүру дағдысын қалыптастырдым. Бұл мен үшін жәй ғана физикалық белсенділік емес, қаланың ахуалын көзіммен көріп, шынайы сезінуге мүмкіндік береді. Мен күн сайын қаланы аралап жүрген кезде өзімді әкім ретінде емес, осы қаланың тұрғыны есебінде сезінемін, қаланың жетістіктерін бағалап, қай тұста қандай

Бүгінде Теміртау спортшылары биатлон, хоккей, велоспорт, синхронды жүзу, дзюдо, академиялық есу және футбол сияқты спорт түрлерінде үлкен жетістіктерге жетуде.

жұмыстар істеу қажет екенін де бағамдаймын. Кейде ең маңызды шешімдер кеңседе емес, қала көшелерінде қабылданады. Тұрғындармен кездейсоқ әңгімелесу, олардың пікірлерін тыңдау, алаңдатытын мәселелерін білу – мен үшін ерекше күнделілік. Өйткені, біздің әрбір жобамыздың, бастамамыздың түпкі мақсаты – Теміртау тұрғындарының өмірін жақсарту. Сондықтан таңғы серуен маған қала өмірін жақсырақ түсінуге және тұрғындардың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, саналы шешімдер қабылдауға көмектеседі.

– Кейінгі жылдарда Теміртауға қоныс аударған қандастардың саны артты. Олардың басым бөлігі квотасыз көшіп келген жандар екені белгілі. Бүгінде қанша адам қоныстанды және қала оларды тұрғын үймен, жұмыспен қалай қамтамасыз етіп жатыр?

– Иә, қазіргі таңда Теміртау қандастарды қоныстандыру өңіріне кірмейді. Әйтсе де, өткен жылы бізге квотасыз 136 отбасы, яғни 315 адам көшіп келді. Шет мемлекеттерден атажұртқа оралған бауырларымыз квота берілмейтінін білсе де, саналы түрде Теміртауда тұруды таңдады. Бұл олардың өз шешімі. Ал, тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне келсек, ол қатаң түрде заң аясында шешіледі. Қандастар тұрғын үй қорынан баспана алу кезегіне тұра алады. Әйтсе де, оларға қандай да бір басымдық берілмейді. Пәтер қатаң түрде, кезек тәртібінің келуіне орай ұсынылады. Қазір кезекте 15 қандас отбасы тұр. Былтыр төрт отбасына пәтер берілді. Ал, биыл жыл басынан бері кезекке бір отбасы ғана қосылды.

Қандастарды жұмыспен қамту мәселесі де өзекті тақырыптардың бірі. Биыл екі қандас еңбек мобилді орталығының көмегіне жүгінген екен. Олардың біреуіне тұрақты жұмысқа орналасуға жолдама берілді. Ал, екінші азамат қоғамдық жұмыстарға тартылды. Қазір 14 қандас жұмыссыз есебінде тіркеуге алынған. Оларды қалалық ортаға бейімдеу, жұмысқа орналасу мәселесін ұдайы назарда ұстап отырмыз. Біз қандастардың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан толыққанды интеграциялануы үшін тиісті жұмыстарды жүргіземіз. Сондай-ақ, қоныстандыру мәселесі

облыстық комиссияның құзырында, олар қандастарға Теміртаудан тыс жерлерде де қоныстану нұсқаларын ұсынады.

– Соңғы уақытта тұрғындар қаңғыбас жануарларға қатысты шағымдарын айтып жүр. Сондай-ақ, теміртаулықтар Оң жағалауда салынған, бірақ әлі ашылмаған жануарларға арналған приют-баспананың жағдайына алаңдаушылық білдіреді...

– Қазіргі уақытта қаңғыбас иттердің, сондай-ақ иттерді серуендету мәселелері өзекті болып отыр. Бұл тек жануарлардың қауіпсіздігі үшін ғана емес, қала тұрғындарының жайлылығы мен қоғамдық тәртіп үшін де маңызды. Осыған байланысты 2024 жылы Теміртау қаласында үйсіз жануарларды уақытша ұстауға арналған приют ашу үшін арнайы жер телімі бөлінді. Ол қаланың оң жағалауында, Батыс көшесіндегі жанармай бекеті маңында орналасқан. Бұл – қаладағы үйсіз жануарларға көмек көрсетудің маңызды қадамы. Қазіргі уақытта аумақта 44 волер мен ангар орнатылып, аумақ толық қоршалды. Үш бөлмесі мен санитарлық торабы бар ветеринарлық блок салынды, онда жануарларға қажетті медициналық көмек көрсетуге барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнер алаңы қойылып, кіру жолдары реттеліп, одан бөлек су, жарық және желдету желілері тартылды. Осындай шаралардың арқасында жануарларды күтіп-ұстау жағдайы жақсарды. Приютте 28 сыртқы волер қарастырылған, бұл жануарлардың таза ауада серуендеуіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге, тұрғындардың көптеген өтініштері бойынша биыл Теміртау қаласы ТҮКШ бөлімне иттерді серуендету алаңдарының санын көбейту жөнінде тапсырма бердім. Қазіргі уақытта қалада екі алаң бар, олар Миучини және Амангелді көшелерінде орналасқан. Алдағы уақытта жаңа серуендеу алаңдарын ашу жоспарлануда. Өткен жылдың қараша айында бұл нысандар Қарағанды облысының ветеринария басқармасының балансына берілген болатын. Қазір приют тұрақты жұмыс істеп, дамып келеді. Оның қызметі жануарларға қажетті көмек көрсетіп қана қоймай, қала тұрғындарының қауіпсіздігіне де оң әсерін тигізеді. Иттерді серуендетуге арналған орындарды көбейту, жануарларға жауапты қарау мәдениетін дамыту және үйсіз жануарлардың санын реттеу бойынша шаралар болашақта қабылданатын болады. Бұл – жануарлар мен қала тұрғындарының жайлылығы үшін маңызды жұмыс.

– Теміртау қаласының тұрғындары

даңқты «Строитель», «Арыстан» хоккей командаларының және «Болат» футбол клубының жетістіктерін ұмытқан жоқ. Қалада басқа да спорт түрлері дамып, бірегей спорт нысандары салынды. Теміртау қашан қайтадан спорттық аренада өз орнын айқын көрсетеді?

– Теміртау – әрдайым спорттық жетістіктерімен мақтанатын қала. Біздің спортшылар ұлттық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп, қаламыздың атын шығарып жүр. Бүгінде Теміртау спортшылары биатлон, хоккей, велоспорт, синхронды жүзу, дзюдо, академиялық есу және футбол сияқты спорт түрлерінде үлкен жетістіктерге жетуде. Күні кеше биатлоншы Владислав Киреев 2025 жылғы Азия ойындарының чемпионы атанып, эстафетада күміс медаль жеңіп алды. Хоккейшілеріміз Артём Лихотников пен Владимир Гребенников Азия чемпиондары атанса, Семён Симонов пен Егор Левковец әлем чемпионатының 1-дивизионында жеңіс тұғырына көтерілді. Қаламызда бұқаралық спорты дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. «Теміртау әуесқой хоккей лигасы» жобасы аясында қалалық чемпионат өтті, ал жас спортшыларымыз «Барыс» және «Сарыарқа» клубтарында шыңдалып, Қазақстан құрамаларының қатарында өнер көрсетіп жүр.

Спорттың инфрақұрылымды жақсарту – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Тұрғындардың сұранысы бойынша «Металлург» стадионы қаланың балансына қайтарылып, 2024 жылы тартан жабыны жаңартылды. Қазір стадионды толықтай стандарттарға сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде. Биыл техникалық тексеру өтіп, оның нәтижесінде ауқымды жөндеу жұмыстарына арналған жобалық-сметалық құжаттар әзірлене бастады. Теміртау – әрқашан спорттық спортшыларды тәрбиелейтін қала. Біз бұл дәстүрді жалғастырып, спортты дамыту үшін барлық қажетті жағдайларды жасай береміз.

Әңгімелескен

Қайрат ӘБІЛДА

ТЕМІРТАУ

Білекті емес, білікті жеңеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында Қарағандыда алғаш рет кең ауқымда Жастар форумы мен WorldSkills Karaganda 2025 өңірлік чемпионатының 10 жылдық мерейтойлық ашылу салтанаты өтті. С.Сәпиев атындағы бокс орталығында жастар үшін үлкен маңызы бар екі бірдей іс-шараның шымылдығы түріліп, «Жұмысшы мамандықтарының жылы: шеберлікке бастар жол» жастар форумы ұйымдастырылды. Жастар билік және бизнес, білім мен технологияның өкілдерінен құралған маңызды алаңға жиналды.

Облыста жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру мақсатында 100-ден астам іс-шара жоспарланғанын ескерсек, бұл форум жастар үшін мүмкіндіктер алаңына айналды. Бүгінде аймақта 52 колледжде 126 мамандық бойынша 33 мыңнан астам студент оқиды. Дуальды оқыту жүйесі енгізіліп, 300-ден астам кәсіпорынмен ынтымақтастық орнатылған. Мемлекеттік тапсырыс көлемі ұлғайып, жаңа мамандықтар да ашылуда.



Аяулым COBET,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміздегі ірі өндіріс, құрылыс пен металлургия орталығына айналған Қарағандыдағы 800-ден астам кәсіпорын мыңдаған адамға жұмыс беріп отыр. Ал, техникалық және кәсіптік білім – осының тірегі. Осы орайда форум аясында қонақтарға арнайы белсенділік алаңдары ұйымдастырылып, есте қалатындай арнайы естелік монета жасалды. Форумды тамашалауға келген адам саны 700-ден асты. Оған қоса, 38 колледжден келген студенттер мен 10 әлеуметтік серіктес – өңірдің алдыңғы қатарлы компанияларының өкілдері де форумнан табылды.

Облыстың білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова атап өткендей, бүгінде аймақта техникалық және кәсіптік білім беру экономиканы білікті кадрлармен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

– Қарағанды – ел экономикасының жүрегі, өндірістің қара шаңырағы десек, артық айтқандық емес. Мұнда негізгі күш – білім мен кәсіби шеберлікте. Қарағанды колледждері республикалық және халықаралық чемпионаттарда жоғары дайындық деңгейін көрсетіп отыр. Әрбір өңірдің табысты дамуы мамандарды даярлау деңгейімен айқындалады. Бізде, әсіресе, техникалық мамандықтар бойынша мамандар ұстаханасы қалыптасқан.

Қарағанды облысының колледждері өнеркәсіп үшін сапалы кадрлар даярлап, білім беру мен өндіріс орындары арасындағы өзара әріптестікті нығайта түсті. Өндірісті аймақ сегіз жетекші техникалық бағыт бойынша орта мамандандырылған мекемелерді кластерлеуде. Орта кәсіптік білім берудің қалыптасқан тәжірибесі бар. Бірнеше жылдық тарихы бар колледждер сакадай сай. Білім мен тәжірибені ұштастыратын өндірістік кәсіпорындар жеткілікті. Оқытушылар құрамы білікті. Жергілікті кәсіпорындарда жас мамандар жұмысшылар қатарын толықтырады. Өңірде өнеркәсіп, құрылыс және энергетика салаларында мыңнан астам өндіріс ошағы бар. Оларда әртүрлі мамандықтар бойынша 200 мыңға жуық жұмысшы еңбек етеді. Оған қоса, біздің студенттер чемпионаттарда жүлделі орындарға ие болып, өздерінің жоғары деңгейін бірнеше рет дәлелдеді, – деп атап өтті Гүлбақыт Жүнісова.

Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасары Татьяна Нартова WorldSkills қозғалысы мамандарды даярлаудың халықаралық стандарттарын қалыптастырып, олардың бәсекеге қабілеттілігін Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де танытатынын атап өтті.


– Қарағанды тек зауыт-фабрикамен шектелмейді. Бұл – адам капиталына, білім мен білікке басымдық беретін аймақ. Соның бір айқын дәлелі – WorldSkills қозғалысындағы жетістіктер. Бүгінде 37 кәсіпорынмен бірлескен 152 жаңа білім беру бағдарламасы енгізілді. 38 колледж дуальды оқытуға көшті. 8 мыңнан астам кәсіпорынмен әріптестік орнаған.

2024 жылы Қарағанды облысының командасы республика бойынша үздік үштікке енді. Биылғы WorldSkills Karaganda чемпионатына 38 колледжден 286 үміткер қатысып, 46 құзырет бойынша сайысқа түсуде. Сайыс алаңдары алты колледж бен тағы 13 оқу орнын қамтиды. Атап айтсақ IT, робототехника, дизайн, кондитерлік өнер, мейрамхана ісі және басқа да 40-тан астам құзыреттілік бойынша жарыстар өтуде. Жеңімпаздар Астанада өтетін республикалық WorldSkills Kazakhstan чемпионатында облыс намысын қорғайды, – деді Татьяна Нартова.

Мамандардың сөзіне сүйенсек, 2024 жылы қарағандылық студент ұлттық чемпионатта прототип жасау бойынша бірінші орын алып, халықаралық додаларда Қазақстан атынан өнер көрсетті. Қытайдың Шэньчжэнь қаласында өткен байқауда Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінің студенті «Өнер-кәсіптік дизайн» құзыреті бойынша топ жарды.

– Бұл – жай ғана бір баланың жеңісі емес. Бұл – облыстың жүйелі еңбегінің жемісі. Қарағанды колледждері Қытай, Германия, Жапония, Беларусь, Өзбекстан мен Түркия елдерінің оқу орындарымен тығыз байланыста. Мұндай ынтымақтастық білім сапасын көтеріп, жұмысшы мамандықтарды әлемдік деңгейге шығаруға жол ашадy. Сондай-ақ облыс бойынша «Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы» әзірленді. Мұнда ертенгі күнде қажет болатын, бүгін пайда болып жатқан және жойылып бара жатқан кәсіптер қамтылған. Аддитивті технологиялар, мультимедиялық дизайн, киберкауіпсіздік сияқты бағыттар бойынша нақты құзыреттер енген. Айта кетсек, 2024 жылы өңір түлектерінің 90,8% жұмысқа орналасқан. Бұл – облыстағы білім беру жүйесінің еңбек нарығымен үйлескенінің көрінісі. Атлас болашақ мамандарды сапалы даярлауға жол ашады, – деп атап өтті Татьяна Нартова.

Форумда аймақтық колледждерден келген оқытушылар мен жастар сөз алып, пікірлерін білдірді. Халықаралық деңгейдегі сертификатталған мамандарды оқытып, жұмысшы орындарына сапалы маман даярлап отырған Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті базасындағы Инновациялық технологиялар колледжінің директоры



Нұрбибі Смағұлова жастар чемпионатқа белсенді дайындалғанын айтты.

– Жалпы 2024 жылдың қорытындысы бойынша елімізде техникалық және кәсіптік білім берудегі мемлекеттік тапсырыс көлемі 143 мың орынды құрады, ал, студенттердің стипендиясы екі есеге өсті.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау – «Жұмысшы мамандықтары жылының» басты қағидасы. Бұл орайда білім беру мекемелеріне қойылатын негізгі талап – болашақ еңбек адамының имиджін ілгерілету, маман даярлаудың сапасын арттыру, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты нығайту.

Техникалық және кәсіптік

білім негізінде қабылданған білім алушылардың контингенті жыл сайын артып келеді. Елімізде жастар мен ересектердің еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті және кәсіби тұрғыда мобильді маман болуына жағдай жасалған. Оны біздің колледж студенттері жақсы біледі. Колледждің стратегиялық максаттарының бірі де сол – колледж түлектерінің халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету. Инженерлік-педагогикалық кызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға жағдай жасаймыз, – дейді Нұрбибі Смағұлова.

Чемпионатта еңбек нарығындағы сенімді әлеуметтік серіктестерден кәсіби тәжірибеден өтіп, жұмысқа орналасқысы келетін студенттер де ойын айтты.

– Чемпионатқа машығымыз бен тәжірибеміздің бар екенін көрсету үшін келдік. Біз командамызбен бәсекелесуге дайынбыз. Командада 24 студент бар және біз үздік болғымыз келеді.

Жалпы, «Жұмысшы мамандықтарының жылы» бізге үлкен мүмкіндік беріп отыр. Жұмысшы маманның жалақысы тұрақты әрі жоғары. Қаржылық тұрақтылық бар жерде шығармашылық және кәсіпкерлік мүмкіндіктерге де жол ашылады. Еңбек адамы ретінде өз кәсібінді дөңгелетіп, табысты болуға талпынуға бірнеше жол ашық, – дейді Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің студенті Руслан Әбішев.

Форумға Қарағанды технология және сервис колледжі атынан қатысқан Гүлпахат Құттыбаева

цзюнь жасанды интеллект тақырыбын қозғады. Ал, «Natige» сүт фабрикасының директоры Ерлан Әшім бизнестегі үздік болудың сырларын ақтарды. «QARMET» АҚ-ның әлеуметтік-еңбек қатынастары бөлімінің басшысы Өлібек Алпыспаев жұмысшы мамандықтардың беделін арттыруда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Шетел тәжірибесінде, Швеция мен Германия сияқты елдерде жұмысшы мамандықтары жоғары бағаланады. Елімізде де осындай жүйе қалыптасуы үшін де, еңбек етемін деген жандар көбейіп келеді. Жоғары жалақы, әлеуметтік жеңілдік, еңбек жағдайының жақсаруы – әр жұмысшы үшін маңызды. Материалдық жағдаймен шектелмей, қоғамда жұмысшы маман-

2024 жылы Қарағанды облысының командасы республика бойынша үздік үштікке енді. Биылғы WorldSkills Karaganda чемпионатына 38 колледжден 286 үміткер қатысып, 46 құзырет бойынша сайысқа түсуде. Сайыс алаңдары алты колледж бен тағы 13 оқу орнын қамтиды. Атап айтсақ IT, робототехника, дизайн, кондитерлік өнер, мейрамхана ісі және басқа да 40-тан астам құзыреттілік бойынша жарыстар өтуде. Жеңімпаздар Астанада өтетін республикалық WorldSkills Kazakhstan чемпионатында облыс намысын қорғайды, – деді Татьяна Нартова.

өткен жылы сән технологиясы бойынша WorldSkills республикалық чемпионатында үшінші орын иеленген. Қазақтың кол-өнерін, кәсіпкерлікті ұштастырып жүрген шебер қыз жүн өңдеу кәсібін дөңгелетіп, облыс әкімінің грантын жеңіп алған. Chanel мен Louis Vuitton дизайнерлеріне өз бұйымдарын тарту еткені тағы бар. Қазіргі таңда жүнді қайта өңдеу және киізден бұйымдар жасау бойынша өндірісін облыс әкімінің грантына ашуға мүмкіндік алды.

– Өз армандарымызды жүзеге асырып, қалаған ісімізді таңдап, үнемі дами беру керек. Кез келген істегі табыс – еңбек, білім және табандылық. Қарапайым жұмысшыларға арналған бағдарламалар көбірек болса, кәсіби біліктілігін барынша арттыруға мүмкіндік молайар еді. Техникалық білімді тереңдететін курстар ұйымдастырылса, заманауи құралдармен жұмыс істеуді меңгеру де жеңіл. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» – еліміздегі еңбек адамдарына деген құрметтің көрсеткіші. Бұл жыл жаңа мүмкіндіктер мен перспективаларға жол ашады, – деп санайды Гүлпахат Құттыбаева.

Форум соңында чемпионат қатысушылары адал жарыс өткізуге ант беріп, әділ бағалау болатынын уәде етті. Жастар сұранысына сай отандық әнші Qanaу өнер көрсетті.

Түстен кейін оқушылар мен студенттер форсайт-сессияға қатысты. Мұнда түрлі саладағы мамандар сөз сөйледі. Қытай, Нанкин орман-техникалық университетінің жаратылыстану факультетінің деканы Пэн Хун-

дықтарының беделін арттыру да өзекті. Біз туралы жылы сөздер айтылып, еңбегіміз бағаланған сайын жастардың осы салаға деген қызығушылығы артады, – деді Өлібек Алпыспаев.

Сессия барысында цифрлық замандағы жұмысшы мамандықтарының болашағы мен білім беруді еңбек нарығына сәйкестендіру жолдары талқыланды. Спикерлер түлектердің жетістік тарихтары мен жұмысшы әулеттерінің дәстүрін сақтау, ұстаздардың тәрбиелік және кәсіби рөліне қатысты ұсыныстарын айтты. Жұмысшы мамандықтарының ерекшелігі мен артықшылығы, жастар арасында кәсіптік білімнің беделін көтеру мәселелері қозғалды.

Форумның екінші күні WorldSkills Karaganda 2025 аймақтық чемпионатының бірінші күні қорытындыланды. «Слесарьлық іс» және «Жүк техникасына қызмет көрсету» бағыттары бойынша металды белгілеу, шабу, жону, бұрғылау тәжірибесі көрсетілді. «Жүк техникасына қызмет көрсету» бағытында студенттер қозғалтқыштан форсуноканы шешіп алып, оны реттеп орнатты. Цилиндр гильзалары мен иінді біліктің өлшемдерін де жүргізді.

Аймақтағы «WorldSkills Karaganda» чемпионаты 20-23 мамыр аралығында өтеді. Жарыс қорытындысынан кейін WorldSkills Karaganda 2025 жеңімпаздары облысты республикалық кезеңде таныстыруға мүмкіндік алады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



Жел жетелеген жаңғыру

Осакаров ауданы – өнеркәсібі мен аграрлық саласы қатар өркендеген, облыстағы іргелі ауданның бірі. Арқаның Сарыбелі атанған аймақта атқарылып жатқан шаруа көп. Жел электр станциялары, инфрақұрылым игілігі, әлеуметтік бағдарламалардың әлеуеті, соны жобалар, алпауыт шаруашылықтардың агросаладағы табысы аудан экономикасын еселеп отырған жайы бар. Осыған орай, облыстық әкімдік дамудың даңғыл жолындағы Осакаров ауданына баспасөз турың ұйымдастырған еді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Энергияның алтын көзі
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен еліміздегі электр станциясындағы жаңартылған қуат көздерін 30 пайызға арттыру жоспарланған. Соның негізінде өңірімізде бірқатар жобалар жүзеге асып жатыр. Солардың бірегейі – Осакаров ауданындағы электр станциясы.

Қазір экономиканың еңсесін тіктеп тұрған ол – инвестиция игілігі. Былтыр Осакаров ауданында негізгі капиталға инвестиция тарту 134,8 пайызға орындалған көрінеді. Осакаров кентінде «Гиперборея» ЖШС құны 42,6 миллиард теңге тұратын жел электр станциясын орнатты. Быыл инвестиция көлемін 47 миллиард теңгеге жеткізу көзделіп отыр. Ол өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, шағын және орта бизнесті қамтиды. Ауданда жалпы құны 301 миллиард теңге тұратын үш инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Олар – «Гиперборея» ЖШС салатын, қуаттылығы 150 МВт жел электр станциясы, Қытай мен Қазақстанның біріккен «Алтын Алқап Крг» ЖШС салатын кірпіш зауыты және Қытай мен Қазақстанның біріккен «North wind park» ЖШС салатын, қуаттылығы 500 МВт жел паркі. Ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін жер телімі берілді.

Қуаты 150 МВт құрайтын жаңа жел электр станциясының құрылысы жүріп жатыр. Жаңа станция әрбір номинал қуаты 7,7 МВт болатын 21 жел энергетикалық қондырғысынан тұрады. Бұдан бөлек, оған қосалқы станция, соған сәйкес инфрақұрылым салынып, сондай-ақ электр жеткізу желілері тартылып жатыр. Станцияның құрылысына әлемдік жел турбиналарын өндіруші жетекші компаниялардың бірі – германиялық «Siemens AG» компаниясының электр жабдығы пайдаланылуда.

Жаңа ЖЭС өндірістік сипаттамаларынан бөлек, жоба өзінің экологиялық құрылымы тұрғысынан өңір үшін маңызды. Электр станциясын салу және оны іске қосу газ бен көмір шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді.

Мұнымен қоса, Қытай өндірісінің электрлі турбиналары құрылыс кәдесіне қолданылып жатыр. Станция башылығының айтуынша, жел мен күннен энергия көзін алудан Қытай көш бастап тұрған көрінеді. Сол себепті, қытайлық әріптестерімен байланыс орнатып, солар ұсынған жабдықтарды қолданып отырған көрінеді. Сәйкесінше, сапасы озық өнеркәсіп орнының кепілдігін алыпты. Ал, неміс фирмасының жабдығы жиырма жыл үздіксіз қызмет көрсетіп беретіндеріне сенімді.

«Жасыл энергетика – көмір отынысыз, газсыз әрі қауіпсіз қуат көзі. Біз жалпы станцияның құрылысын қыс түскенше ақтаймыз деп отырмыз. Негізгі мерзіміміз келесі жылдың көктеміне дейін. Қазірдің өзінде 7 жел энергетикалық қондырғысын орнаттық. Жалпы қойылатын қондырғы саны – 21. Айта кеткеніміз абзал, бұл алаң Еуропадағы теңдессіз жел станциясы-



на айналады. Өйткені, инновациялық ең озық жабдықтарды пайдаланып жатырмыз. Жүйе толық автоматтандырылады. Желге компьютердегі оператор мониторинг жүргізеді. Қазір 150 адамға жұмыс беріп отырмыз», – дейді «Гиперборея» ЖШС техника жөніндегі директоры Дмитрий Силантьев.

Электр нысаны іске қосылған соң 20 жаңа жұмыс орны құрылады. Осы секілді Теміртауда 500 МВт және Қарқаралы ауданында 200 МВт жел электр станциясын салу жоспарланған. Жобалар пысықталып жатыр.

Қысқасы, жел энергиясы – ең серпінді дамып келе жатқан жаңартылатын энергия көздерінің бірі. Жалпы, ел аумағында жел ресурстары кең таралған. Сондықтан, жел энергиясын пайдалану көмір және газ электр станциялары өндіретін электр энергиясын тасымалдау құнымен салыстырғанда экономикалық тұрғыдан тиімді екенін айтады энергетика мамандары.

«Қайта Бастаудың» қайыры
Жақында «Қарыссыз қоғам» идеясы негізінде «Қайта Бастау» қаржылық тұрақтылық жобасы пилоттық режимде облысымыздың екі ауданында – Бұқар жырау және Осакаров аудандарында жүзеге асырыла бастаған еді. Соның арқасында қарыздың қамытын киіп, несиесі несібеден айырған жандардың қаржылық сауаттылығын арттыру мен жеке қаржыларын басқару дағдыларын дамытуға бағытталған бұл жоба жемісті нәтижесін бере бастапты.

«Қайта Бастау» жобасының басты мақсаты – несие бойынша қарызы бар тұрғындарға көмек көрсету. Яғни, қаржылық сауаттылықты оқытуға және жұмысқа орналасуға баса назар аудару.

Қабылданған шаралардың арқасында борышкерлер саны азайып келеді екен.

«Несиелер бойынша борышкерлерді жұмысқа орналастыруда барлық мүмкіндік пайдаланылады. Солардың бірі – бос орындар және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламалары. Бағдарламаға несие бойынша кемінде үш айлық берешегі бар қарыз алушылар қатысады. Бірінші кадам – борышкердің қаржылық жағдайын тұрақтандыру. Осыдан кейін оған банкпен немесе микроқаржы ұйымымен өзара қарым-қатынасты реттеуге көмектеседі», – дейді Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бөлімінің басшысы Айгүл Алтынбайқызы.

Осакаров аудандарында қаржылық сауаттылыққа оқыту жүйелі жүргізіліп жатқан көрінеді. Жоба бойынша мерзімі 90 күннен асатын несиелер мен шағын несиелерге тап болған адамдарға тегін құқықтық көмек көрсететін заң қызметі өз жұмысын бастап кетті.

– Біз жүргізіп отырған шаралар жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге, сондай-ақ, банк секторымен өзара іс-қимыл арқылы мерзімі өткен берешекті реттеуге бағытталған. Бұдан басқа, белгіленген критерийлерге сәйкес келетін өтініш берушілерге соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану мүмкіндігі беріледі. Мысалы, ауданымызда көпбалалы отбасы несие бойынша миллион теңгеден астам қарызы бар. Ал, отбасылық табыс кедейлік шегінен төмен. Көпбалалы анаға жұмысқа орналасуға көмектесіп, банк қарызды қайта құрылымдауға кірісті, – дейді бөлім басшысы.

Жоба іске асқаннан бері елуге жуық борышкерге көмек көрсетіліпті. Яғни, 16 азаматтың өтеу кестесі қайта қаралып,

12 адамға банкроттық туралы оң шешім берілген, 21 азамат банкроттыққа құжат тапсырды. Мұнымен қоса, 177 борышкер қаржылық сауаттылық оқуын тәмамдапты. 122-сі – офлайн, 55-і онлайн оқыған. Олардың да өтінімі қабылданып, құжаттары қаралып жатқан көрінеді. Заңгерлер олармен жұмыс жасап істеуде. Нәтиже бір ай ішінде анықталады.

Борышкерлер санатынан 48 адам жұмысқа орналасыпты. Оның ішінде 10 адам – тұрақты жұмысқа, 23-і – ақылы қоғамдық жұмысқа, әлеуметтік жұмыс орны бойынша жетеуі, «Күміс жас» бағдарламасымен сегіз адам жұмысқа орналасқан.

Солардың бірі – Жұлдыз Балтина. Үш баланың анасы. Жалғызбасты әйел. Мойнындағы несиеді төлеу мүмкіндігі болмаған. Осы жоба арқылы қаржы сауаттылығын оқып, портал арқылы қарызының айлық төлемін азайтуға мүмкіндік алған. Мансап орталығының мамандары №9 мектепке техникалық қызметкер ретінде жұмысқа орналастырған. Қазір 25 мың көлемінде ғана несие төлейді.

Светлана Борисова да он жыл бойы несие мәселесін шеше алмай келген. Жоба қызметкерлері бірден біліп, құжаттарын әзірлеп, банкроттық шешімді 14 күн бойы күткен. Нәтижесінде ол да несие сомасын азайтып, айлығы қолына түсіп отыр. Қазір кенттегі тойханада жұмыс істейді.

Осылайша, Осакаров ауданындағы банкке берешегі бар бірнеше борышкер «Қайта Бастау» жобасының қайырымын көріп отыр.

Берекелі бизнес ошағы

Ауданда шағын және орта бизнес өкілдеріне қолдау бар. Жас кәсіпкерлер де өздерінің бизнес жоспарларын қорғап, соған қолдау ретінде субсидия, жеңілдетілген несие және грант алып отыр.

Аудан орталығынан жақында ғана бой көтерген «Diva_coffee_brunch» мейрамханасы «Даму» қорының жеңілдетілген несиемен салыныпты. Жарты қаражатын кәсіпкер өз қалтасынан шығарған. Қазір кофехана аудан тұрғындарының уақыт өткізетін сүйікті орнына айналған.

Кәсіпкер Дмитрий Кимнің аудан орталығында «Diva» сауда орны бар. Енді, міне дәл жанынан кофехана ашып, кент тұрғындарын қуанытып жатыр.

Берекелі бизнестің иесі үнемі көп балалы отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсетеді, қайырымдылық істерден қалыс қалмайды. Дүкенінде әр мереке сайын тауарларға жеңілдіктер науқанын өткізеді.

Ерлі-зайыпты Дмитрий Ким мен Валентина Кимнің супермаркетті ашқандарына сегіз жыл болып қалыпты. Валентина бухгалтерлік есепке жүйріктігі,



Дмитрийдің жүк тасымалдау жұмысында тәжірибесі бары осы бір бизнесті ашуға себеп болыпты.

«Бизнестіміздің атауы ерекше мағынаға ие. Ол біздің есімдерімізді, Дмитрий мен Валентинаны біріктіреді. Бұл жай ғана коммерциялық белгі емес, біздің бірлескен жұмысымыздың және әрбір тұтынушыға деген қамқорлығымыздың символы іспеттес», – дейді бизнес иелері.

Қазір сауда дүкендері мен кофеханасында отыздан аса адам жұмыс істейді. Әсіресе, әлеуметтік бағдарлама арқылы, оның ішінде, «Алтын жас», «Күміс жас» жобасы бойынша да жұмыс беріп отыр. Зейнет жасынан асқан жандар дүкеннің қасаларында жұмыс істейді. Өйткені, есепке жүйрік, жауапкершілігі бары жұмыс күшіне серпін береді дейді басшылары.

Жаңадан ашылған кофехананың атмосферасы жаңа жайлы. Кофе ішіп, көңіл сергітетіндер көбейген. Әсіресе, аудан жастарының бас қосатын ортасына айналған. Кермек кофенің түр-түрінен басқа, тәтті тіскебасарлар мен дәмі тіл үйірер жылдам әзірленетін тағам түрлері және бар.

Агросала өнімінде өсім бар

Осакаров ауданы – астықты аймақ. Шаруалар көктемгі егіс жұмысымен қырдың басында жүр. Былтыр мұндағы дикандар 416 мың гектар алқапқа дән сіңіріп, берекелі күзде 654 мың тонна астық жинаған. Гектар түсімі 16 центнерден айналыпты. Алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есе артық нәтиже. Ал, биыл аудан дикандары 450 мың гектарда көктемгі дала жұмыстарын жүргізіп жатыр. Оның ішінде, 363 мың гектарға бидай, 35 мың гектарға арпа, 7,5 гектарға сұлы, 2 мың гектарға бұршақ, 650 гектарға картоп, 10 гектарға көкөніс, 25,5 мың гектарға майлы дақылдар, 17 мың гектарға жемдік дақылдар тұқымын сіңіру үстінде.

«Агроөнеркәсіптік кешенге салынған инвестициялар былтыр 10,5 миллиард теңгегі құрады. Жоғары табысқа қол жеткізу үшін машина-трактор паркін ұдайы жаңартып отыру керек. 2024 жылы ауданның ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілері 6 миллиард теңгеге 102 ауыл шаруашылығы техникасын және 500 миллион теңгеге құрал-жабдықтар сатып алды. «Еуразия-Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2024 жылы аумағы 1100 гектар, құны 4 миллиард 700 миллион теңге тұратын ауыл шаруашылығы дақылдарын суару жүйесін салды. Жобаны іске асыру барысында 18 жаңа жұмыс орны құрылды. Сөйтіп, аудандағы суармалы алқап былтыр 2,7 мың гектарға жетті. 2025-2027 жылдары Осакаров ауданы бойынша құны 47 миллиард теңге тұратын 7 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Оның екеуі мал шаруашылығы (құны 18 миллиард теңге), бесеуі егіншілік (құны 28 миллиард теңге). Бұл бағдарламалар 170 адамды жұмыс орнымен қамтамасыз етеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауданда 2169 гектар жер ауыл шаруашылығы айналымына қамтылыпты. Осакаровкада тұрғындардың малын жайылыммен қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүруде. «Жайлау» жобасын жүзеге асыру арқылы Қарағайлы, Сарыөзек, Озерный, Ақбұлақ, Шідерті ауыл округтері мен Молодежный кентіндегі жайылым мәселесі оңды шешілді. Осы жоба биыл Есіл ауыл округінде қолға алынып, әрі қарай жалғасын табады», – дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қабылда Әкімжанұлы.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Мемлекет қамқор – қоғам ояу

Отбасы – қоғамның ең нәзік тұсы, ал, отбасындағы зорлық-зомбылық елдің өсіп-өркендеуіне қауіп төндіретін әлеуметтік дерт. Бұл – құқықтық немесе тұрмыстық мәселе ғана емес, ұлттық болмыстың, адамгершіліктің, тіпті, мемлекетіміздің болашағына балта шабатын қатерлі кесел. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет отбасылық зорлық-зомбылық мәселесіне айрықша тоқталып, Жолдауларында бұл мәселеге нүкте қойылуы тиіс екенін қадап айтты. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың қоғам үшін ауыр дерт екенін және мұндай келеңсіз құбылыспен тұтас қоғам болып күресуге шақырды. Президент тапсырмасына сай биыл нақты іс-шаралар қабылданып, 15 сәуірде әйелдер мен балаларды қорғауға бағытталған жаңа заң күшіне енді. Қазірдің өзінде осы заң аясында зорлық-зомбылық үшін жазалар күшейтіліп, құқық бұзушыларға қатаң жауапкершілік жүктелуде.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Профилактика пәрмені

Биыл құқық бұзушылықтар профилактикасы жылы болып жарияланды. Осы бағытта Қазақстан полициясы отбасылық жанжалдың алдын алуға басымдық беріп отыр. Нәтиже де жоқ емес. 2025 жылдың басынан бері тұрмыстық құқықбұзушылықтармен күресте ҚР ӘҚБК 73-бабы бойынша 1570 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған (өткен жылы – 1011). Яғни, өсім – 55,3 пайыз.

– Қауіптің алдын алу үшін қолданылған қорғау нұсқамалары – 2396 (2024 ж. – 2444), сәл де болса 1,9% азайған. Бірақ бұл шараларды елемей, қайтара құқық бұзған 384 адам (өсім 4,1%) әкімшілік жазаға тартылды. Тағы бір маңызды тетік – ерекше талаптар қою: 601 жағдай (өткен жылы – 508), яғни, 18,3%-ға артқан. Бұл талапты бұзғаны үшін 508 адам (өсім – 36,6%) жауапқа тартылды. Бірақ, жалған жұбанышқа ұрынып, арқаны кенге салуға болмайды.

Сонымен қатар, елімізде «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты республикалық акция бастау алды.

Акция аясында азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, салауатты отбасылық қарым-қатынас құру, зорлық-зомбылыққа «нөлдік төзімділік» қағидатын енгізу көзделіп отыр.

Акция аясында қолға алынған отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы челлендж Ақмола облысынан бастау алып, Қарағандыға келіп, Шымкентке жол тартты, – деп атап өтті Қарағанды облысы ПД Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Гүлбану Сатпаева-Алпысбаева.



Коллаж жасаған Шамир Алимбеков

Қоғамдық қолдау – шын қолдау

Қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу – жұмыстың жаңа форматы. Қарағанды облысында қазіргі таңда 16 үкіметтік емес ұйыммен байланыс орнаған. Соның ішінде 9-ы – дағдарыс орталығы, онда баспана да, психологиялық көмек те көрсетіледі. Көмекке жүгінгендердің саны артып келеді. Нақтырақ айтсақ, 200-ден аса адам сенім телефоны арқылы, 286 әйел тікелей жүгінген. Ал, 23 адам (9 әйел, 14 бала) уақытша баспанаға орналастырылыпты.

Бұл ретте 2023 жылдың тамызынан бастап, Қарағанды облысында жұмыс істеп келе жатқан Бірыңғай отбасылық көмек көрсету орталығының рөлі ерекше екенін атап өткен жөн. Биылдың өзінде орталық 642 адамға көмек көрсеткен.

Соның ішінде, 118 адам – психологпен жұмыс істесе, 124 адам – заңгерлік көмек алған. 47 адам – жұмысқа орналастырылып, 9 адамға құжат рәсімдеуге көмек көрсетілген. Сонымен қатар, 138 абьюзерге шара қолданылса, 100-ден аса отбасының тұрғылықты жеріне тексеру жұмысы жүргізіліп, 20-дан астам қоғамдық шара ұйымдастырылған.

Тағы бір нақты нәтиже 413 азамат алимент өндіру бойынша сот орындаушыларына жүгініп, 68,7 млн теңге қайтарылған. 24 іс тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылса, 15 отбасы меди-

ативтік келісімге келген. Осының бәрі – нағыз жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Жауапкершілікті күшейтеді

15 сәуірден бастап әйелдер мен балаларды қорғау жөніндегі жаңа заң күшіне енді. Енді, жеңіл дене жарақатын салғандар 200 АЕК айыппұл төлейді немесе 200 сағат қоғамдық жұмысқа, не 50 тәулікке қамау жазасына тартылады.

Ал, соққы бергендерге 80 АЕК айыппұл немесе 25 тәулікке дейін қамауға алу жазасы қарастырылған. Бұл – уақыт талабынан туындап отырған қажеттілік. Президент жолдауларындағы нақты тапсырмаларының заңдық жалғасы екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, 15 маусымнан бастап зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы құрылым жұмысын бастайды. Бұл – жаңа кезең. Бұрын жәбірленушіге тек моральдық демеу көрсетілсе, енді жүйелі мемлекеттік көмек қарастырылған.

Білімнен басталған бетбұрыс

Тағы бір айта кетерлігі, 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, Қазақстанның барлық мектептері мен колледждерінде отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға арналған «ДОСБОЛ LIKE» антибуллингтік бағдарламасы енгізіледі. Бағдарлама қазірдің өзінде 9 өңірде пилоттық негізде іске қосылған. Оған 70 мың оқушы мен 5 мыңнан астам мұғалім



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

қатысуда. Бұл жарқын болашаққа жасалған нық қадам екені сөзсіз. Бағдарлама балалардың эмоционалды әл-ауқатына, қақтығысты конструктивті шешуге, қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталып отыр.

Бұл – зорлыққа мүлдем төзбеудің алғышарты мектептен басталуы керек дегенді білдірсе керек.

Шетелдік тәжірибе не дейді?

Мәселен, Финляндия мемлекетінде отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу – мемлекеттік саясаттың басты бағыты. Жәбірленушілерге арналған «турвателин» (Turvakoti) деп аталатын арнайы баспаналар жүйесі бар. Онда психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек бір терезе қағидатымен көрсетіледі.

Мектептерде эмоциялық интеллекті дамытатын бағдарламалар тұрақты жұмыс істейді. Германияда абьюзерлерге арналған «Zwangsberatung» курстары бар. Олар психотерапиядан өтпей, қоғамға орала алмайды. Құқық бұзушыға қатысты «қамқорлық шектеу ордері» шығарылады. Ол 14 күннен 6 айға дейін күші бар құқықтық құжат. Осы уақыт ішінде жәбірленушіге жақындауға, сөйлесуге, тіпті, телефон шалуға тыйым салынады.

Ал, әлемдегі ең дамыған елдер санатына кіретін Канада мемлекетінде тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін арнайы «intervention programs» жүргізіледі. Бұл курстарда құқық бұзушыға өз әрекетінің салдары егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Мұндай бағдарламалар мемлекет есебінен қаржыландырылады.

Елімізде де бұл бағытта нақты қадамдар жасалуда.

Түйін

Зорлық-зомбылық – бұл соққы мен жәбір көрсету ғана емес, ол – қорлау, шектен тыс қадағалап, еркіндігін шектеу, сөзбен шабуыл жасап, құқығын таптау, ар-намысына нұқсан келтіру. Сондықтан да, зорлыққа қарсы күрестің тәрбие, сауаттылық, қоғамдық көзқарас мәселесі екенін атап айту керек.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» дейді халық даналығы. Бүгінгі отбасындағы ұрыс-керіс ұрпақтың санасында психологиялық зиян келтіріп, ертеңіне кері әсер етеді. Отбасындағы зорлық-зомбылық – отанға опасыздық. Қазір Президенттің парменімен заң қатайды. Мемлекет қамқорлығын көрсетті. Енді қоғам ояна ма?

Бала – болашақ. Әйел – өмірдің өзегі. Егер сол екеуіне қатігездік жасалса, елдің ертеңінен не күтеміз?!

Қазақ «Жетім көрсен, жебей жүр» дейді. Біз енді «Жәбір көрсен, үндеме» деген үнсіздіктен арылуымыз керек.

• РЕСМИ

Телефон тексеруден өтпесе...

Енді, 25 маусымнан кейін ел азаматтары расталмаған смартфонның ақшасын қайтаруды талап ете алады. Тіпті, сатып алғаннан кейін екі аптадан астам уақыт өтсе де. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің төрағасы Дамир Сейсембеков мәлімдеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Комитет төрағасының айтуынша, қазір Мәжіліс депутаттары «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға тексеруден өтпеген смартфондардың жағдайына тікелей қатысты түзетулер енгізуді қарастырып жатыр.

– Мәселе – мынада, егер, телефон тексеруден өтпеген болса, оны қандай да бір жағдайға қарамастан сатушыға қайтаруға болады. Өздеріңіз білетіндей, бізде тауарды қайтару үшін 14 күндік мерзім бар. Егер бұзушылық айқын болмаса (мысалы, телефон ашылмаса), онда құрылғының тексерілмеуі 25 маусымнан кейін смартфонды қайтаруға негіз болады, – деп түсініктеме берілген ресми хабарламада.

Дамир Сейсембеков құрал-жабдық сатушылардың көпшілігі жаңашылдықтардан хабарлар екенін айтады. Сонымен қатар, егер сатып алушы әлі расталмаған телефонды сатып алған болса, процедураны сатып алғаннан кейін де аяқтауға болатын көрінеді.

«Егер мұндай жағдай орын алса, біз сатушылардың да, сатып алушылардың да белгіленген тәртіпке сәйкес тексеруден өту мүмкіндігін қалдырамыз», – деп қосты Дамир Сейсембеков.

– Шынында, бұл өзгеріс өте орынды қолға алынған екен. Өйткені, қазір техника мен гаджеттің заманы. Смартфондарды сататын орындар да барынша мол. Кейде асығып сатып алған телефонның тіркелмеген болып шығады. Немесе басқа да жағдайлар болып, қайта апарсаң, саған қызмет көрсетуден бас тартады. Сондай кезде не істеріңді, не деріңді білмей дал боласың. Даттыңды кімге айтардыңды білмей қиналасың. Әуірімдеп, жеткен ұялы телефонның ойдағыдай болмай, не ақысын қайтарып ала алмай, әбден тығырыққа тірелесің. Ал, егер ол телефонды несиеге алсаң тіпті қиын. 12 немесе 24 ай босқа несие төлейсің. Осындай келеңсіздіктердің алдын алуға енгізіліп жатқан өзгеріс таптырмас мүмкіндік екен. «Тілегенің алдыңнан, іздемей-ақ табылар» деген осы болса керек, сірә. Елдің жағдайын ойлап, осындай заманға сай мүмкіндіктерді заң аясында туғызып жатқан үкіметке мың алғыс, – дейді қала тұрғыны Игілік Шәмшиев.

Қауіпсіздік қаперде болсын!

Еліміздің жолдарында жыл сайын жол-көлік оқиғаларының саны, оның ішінде, балалардың қатысуымен болатын апаттар саны артуда. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтарын қорғау, олардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың ең басты басымдығы» деген еді. Сонымен қатар, жазда балалар демалыс орындарына, лагерьге, ауылға барады. Осындай кезде оларға қауіпсіздік шараларын қалай сақтауы қажеттігі туралы кеңінен мәлімет беру үшін Қарағанды қаласындағы №19 мектепте «Абай бол, балалар!» акциясы өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Акцияға мектептің жоғары сынып оқушылары түгел қатысты. Акцияны жазғы демалыс кезеңінде жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті облыс әкімдігі, полиция департаменті, төтенше жағдайлар департаменті және облыстық білім басқармасымен бірлесе отырып ұйымдастырды.

– Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осы акцияны қолға алдық. Акция барысында оқушыларға жол жүру ережелерінің негізгі талаптарын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері және төтенше жағдай туындағанда қайда жүгіну, қандай шешім қабылдау, қалай әрекет ету керектігі көрнекі түрде қажетті құрал-жабдықтар және арнайы техникалар арқылы көрсетілді. Балалар жазда суға түсуге барғанда, самокатпен жүргенде және басқа жағдайларда қалай дұрыс жүріп-тұру қажеттігі

жөнінде мол ақпарат алды, – деп атап өтті Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің прокуроры Сұлтанбек Ақбар.

Дерекке сүйенсек, жыл басынан бері Қарағанды облысында 163 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 200 адам түрлі жарақат алған. Олардың ішінде 29-ы кемелетке толмағандар болса, қала тапқан 34 адамның арасында бір адам бар.

2023 жылы Қарағанды облысының әкімі бекіткен қаулысымен құқық қорғау және уәкілетті органдар қызметкерлерінен тұратын жол-көлік оқиғаларының себептерін зерделеу, сондай-ақ, жол қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шаралар мен ұсыныстарды әзірлеу мақсатында ведомстваралық жұмыс тобы құрылған еді.

Аталған жұмыс тобының отырыстары нәтижесінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында әзірленген ұсыныстар негізінде жергілікті атқарушы орган автожолдардың аса қауіпті учаскелеріне қосымша жол белгілерін, бағдаршамдар мен бейнекамераларды орнатты.

Бір айта кетерлігі, шара барысында 5-11 сынып оқушыларына күнделікті өмірде жиі кездесетін қателіктер де



көрсетілді. Атап айтсақ, телефонды қуаттағышқа қыстырып, ұйықтап қалу, тозығы жеткен тоқ шәйнекті немесе үтікті пайдаланып, қараусыз қалдыру сынды күнделікті өмірде кездесетін жағдайлардың салдарынан өрт болуы ықтимал екені мұқият түсіндірілді.

Одан бөлек, соңғы кезде терезеден құлап кетіп, ауыр жарақат алып немесе мертігіп жатқан балалардың да саны артууда. Осы жайттың алдын алу туралы да кеңінен ақпарат берілді. Мамандар терезеге балалар аша алмайтын жеке кілті бар құлып орнату қажеттігін айтады. Сонымен бірге, терезеге масадан қорғану үшін ілінетін торға күш салып сүйенбеу

қажеттігі, оның бала салмағын көтермейтіндігі мұқият түсіндірілді.

Оқушылардың қауіпсіздік мәселесіне қызығушылығын арттыру үшін акцияда ойын элементтері мен арнайы костюмдер пайдаланылды. Балаларға арнайы қызметкердің техникасы да көрсетілді.

Оқушылар төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері ұсынған қауіпсіздік құралдарының қыр-сырымен танысты. Қалай пайдалану қажеттігін де жаттап алуға тырысты. Ес-түссіз жатқан адамға алғашқы көмек көрсету, суға шомылғанда құтқару жолын кыю сынды көптеген ереже танытырылды.

Сондай-ақ, адамның иісі арқылы тез



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

тауып алатын ақылды итпен де танысып, балалар мәз болды. Демалуға шыққанда, сөмкеге артық жылы киім, қуатталған телефон, сулы майлық, тамақ қоры, фонар сынды ең қажетті деген бұйымдардың міндетті түрде салып шығу қажеттігі де айтылды.

Бұдан бөлек, оқушылар арнайы жол белгілері арқылы би билеп, ерекше киім-әрекеттер арқылы достарына жол ережелерін есте сақтауға болатынын ескертті.

Тіпті, балалар өрт сөндірушілердің арнайы техникасын пайдаланудың ережесімен де танысты.

Іс-шараның тиімділігін арттыру мақсатында оқушыларға алдын ала «Жол қозғалысы ережесін сақтаныз!» тақырыбында «Жүргізушіге хат» жазу ұсынылды. Акциядан кейін бұл хаттарды полиция қызметкерлері көлік жүргізушілеріне табыстады. Көлік жүргізушілері бұл бастаманы оң бағалап, ұйымдастырушыларға алғысын жаудырды.

Акция соңында оқушыларға «Төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері», «Жазғы маусымда суда жүріс-тұрыс (тыйым) ережелерін», «Жолда жүру ережесін ұмытпа», «Өртті болдырмау үшін», «Ашық терезенің қауіп» сынды пайдалы буклеттер таратылды.

Суретті түсірген автор

• ӨНЕР ӨРІСІ

Ән – олардың тағдыры

Ойшылдар «ешбір адам талантсыз тумайды» дейді. Тек сол талантын түсінбей, білмей, көрмей кететіндер бар. Ең өкініштісі – осы. Талантыңды, яғни, бойыңдағы қандай да бір қасиетті табу – өміріңнің мәнін табу. Ал, мәнсіз өмірді «өмір» деуге бола ма екен?! Талантыңды табу үшін жаның қалаған, жаның сүйген іспен айналыспақ керек. Жаның қалаған істе махаббат бар. Махаббатпен жасалған шаруада нәтиже болады. Мұратыңа жетесің. «Ғұмырда мамандық таңдауда қателеспеу керек» деп тегін айтылмаса керек. Осы таңдауда қателескендер жер бетінде көп. Бірақ, ғұмыр жолының орта тұсында өзіне не керегін түсініп, соған қарай жүрек көзін бұратындар да баршылық. Сондай адамдар Саран қаласында бар. Саран қаласының сахнасы мен кештерін әнге бөлеп жүрген «ВИА Креатив» тобы туралы айтпақпыз. Күнделікті күйбең тірліктің күйігін әнмен, өнермен басқан таланттар. Өмірдің түрлі ғажайыбын іздейтіндерді таң қалдырар ерекше топ.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«ВИА Креатив» тобы 2018 жылы құрылған. Топ жетекшісі – Аян Тәжімқұлов. Ол Тәттімбет атындағы өнер колледжінде білім алған кәсіби күйші. Бұл күнде Сарандағы Абай атындағы орта мектепте музыка пәнінің ұстазы. Осы топты құру үшін музыкалық аспаптарды өз қаражатына алыпты. Жетпегеніне несие рәсімдепті.

– Осы топты құру үшін аспаптарға қажетті қаражатты өз қалтамнан шығардым. Топтың

құрылуына елеулі үлес қосқан – Азамат Мұстафин есімді лицей мұғалімі. Ол топқа керек тоқ барабанды сатып алды. Сөйтіп, шығармашылық жолымыз басталды. Ел ішіндегі таланттардың басын қостық, – деді Аян Тәжімқұлов.

Қызығы мынада: шығармашылық топтың сапында кілең кәсіби музыканттар емес. Мәселен, Жомарт Сатқанқұлов есімді азамат Саран колледжінде техникалық қызметкер. Ешқандай да музыкалық білімі жоқ. 1967 жылы дүниеге келген. 1979 жылдан бастап барабанды үйреніп, өз бетінше ойнай бастаған. Кез кел-



ген әннің ырғағына ілесіп кететін дарыны бар. 1993 жылға дейін ойнап, 2023 жылға дейін бұл өнерден алыстап кеткен. 2023 жылы Саран қаласына көшіп келіп, «ВИА Креатив» тобының сапына қосылған. 20 жыл өткеннен кейін жүрегі қалаған музыкаға оралып, топтың

белді өкіліне айналды.

Бас гитарада Стефания Борис есімді мектеп-лицейдің 16 жастағы 10-ші сынып оқушысы. Ал, соло гитарада Ярослав Борис есімді 10-шы сынып оқушысы. Ол да небәрі 16 жаста. Соло гитарада ойнайтын Бакберген Айгара да

мектеп қабырғасында. Екеуінен бір жас үлкен.

Азамат Мұстафин – бас гитарада. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы. Жанболат Бабаков әйгілі, өз уақытының құбылысы деп мойындалған Виктор Цой ән айтқан «Кино» группасының ән-

дерін ойнайды. Ол облыс әкімдігінде қызмет атқарады. Былтыр ғана облыстық бейнелеу өнері музейінде жеке көрмесі өткен суретші. Ақын. «Суретші сыры» атты романына белгілі сазгер Шыңғыс Мұқаев ән жазған. Сол туындыны қазақтың аяулы әншісі, марқұм Сейіл Аяған орындаған еді.

Топтың солисі – Заманай Исатай. Ол Сарандағы Абай атындағы мектепте информатика пәнінен ұстаздық етеді. Тағы бір солист – Дастан Аскеев. Ол – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

Топ репертуарын көбіне ретро әндермен толықтырған. Тіпті, рок жанрындағы әуендерді де орындайды.

Жанның қалауы музыкадан ләззат алу үшін үлкен сахнаның, лық толған залдың қажеті жоқ. Бар керекті – арманыңа деген адалдық. Арманың адал болсаң, ғұмырлық мақсат-мұратыңа бекем болсаң, жоқтан бар жасауға болады екен.

«ВИА Креатив» тобы соған дәлел.

Қазақтың осы дәуірдегі заңғар жазушысы Мұхтар Мағауин «Дарын – Тәңірден берілген несие», – дейді. Бойыңа біткен дарыңды, асыл қасиетті қор қылмаған абзал.

Сурет «ВИА Креатив» тобы мұрағатынан

• МУЗЕЙ

Өнер мен мұра тоғысып...

Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінде Халықаралық музейлер күніне орай «Музей – құндылықтар мекені» атты «Музей түні – 2025» мерекелік шарасы өтті. Шараның мақсаты – рухани-мәдени құндылықтарды, халқымыздың тарихын, мәдениетін, экспонаттар мен жәдігерлерді кеңінен насихаттау және музейге халықты тарту.



Шара барысында этнография залынан бастау алған «Шебердің қолы – көпке ортақ» ат әбзелдері мен колонер шеберлерінің көрмесінде колонер шебері Марат Баймұқанов жиналған жұртты өзінің жасаған бұйымдарымен таныстырса, кеншоқылық шебер Айдын Қуанышбеков шакірті Түсіпбай Құлжанбекке камшы өрудің түрлерін түсіндіре отырып, шеберлік сабағын өткізді. Сонымен бірге, әжелеріміз Гулбарам Имағанбетова, Қатима Таттібекова, Ира Байқадамова, Мейрамғұл Түсіпханова, Бақыт Ұрғашбаева жастарға жун сабап, тұрғанк иіру, жүн түтіп, жи тоқудың жолдарын түсіндіре отырып жасап көрсетсе, музейдегі «Хендмейд» жобасының жетекшісі Барқыт Баяманова шакірті Ай-

ымға сыпыра тігуді үйрете отырып, оқушыларға жасалу жолдарын түсіндіре кетті.

«Домбыра пати» кезеңінде Ортекемен күй орындаған кеншоқылық Нұргүл Әлібекова мен дәстүрлі әнші Нұрбек Шабанның өнеріне жиналған жұрт ыстық ықыласпен ризашылық танытты.

Сонымен қатар, Ж.Ақылбаев мектебінің оқушылары ойнаған «Тоғызқұмалақ» пен «Бес асық» ұлттық ойындарын келушілер қызыға тамашалады.

«Музейге сый – ұрпаққа мұра» музей қорына жәдігерлер тапсыру акциясында аудан тұрғыны Думан Усенов скифтер кезеңіне тұн қола айна және XIX ғасырдағы ат жегілген соқаның темір пышағын тапсырса, Айзада атасының домбырасын табыс етті.

Шара барысында мектеп оқушылары арасында «Ол кім? Бұл не?» ойыны жүргізіліп Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ауданның соғыс ардагерлерінің суреті көрсетіліп, кім екенін тапса, «Бұл не?» бөлімінде музейдегі жәдігерлер көрсетіліп олардың не және не үшін қолданылатынын таба білді.

«Киелі баспана – киіз үй» жобасында келушілер ұлттық дәмге толы дастарханнан дәм татып ризашылықтарын білдірді.

Кеш соңында музей басшысы Салтанат Қамытбаева қатысушыларға Алғыс хат, естелік сыйлықтар табыс етті.

Анар ТӘЖІБЕКОВА,
музей қызметкері

Шет ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

• ЖОБА

Алғадай жастар жарысты

Биыл – мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш профессор Әлімхан Ермековтің туғанына 134 жыл. Осыған орай Қарағандыдағы Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейінде «Ziatkerlik modernizasiya» жобасы аясында қалалық «Әлімхан барысы – 2025» зияткерлік және күш сайысы өтті. Аталған байқау биыл бірінші мәрте өткізілуде. Соған қарамастан қаладағы 10 мектептен 40-қа жуық оқушы бақ сынады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараның ашылу салтанатына облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов пен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев, қалалық білім бөлімінің басшысы Есентай Өшім қатысып, жылы лебізін білдірді.

– Әлімханды біз ғалым ретінде, қазақ тіліндегі тұңғыш «Жоғарғы математика курсы» оқулығының авторы, ел шекарасын бекітуге үлкен еңбегі сіңген тұлға ретінде білеміз. Осындай тұлғаның құрметіне үлкен шараның осы мектепте өтуінің өзі үлкен мәртебе. Бүгінде тұлғаның құрметіне өтіп жатқан іс-шаралар осымен тоқтап қалмайды, – деді Нұрлан Рахметуллаұлы.

Байқауға жарыс ережесіне сәйкес қала мектептерінің 9 және 10 сыныптарының оқушылары қатысты. Сайыс – екі кезеңге жоспарланған. Бірінші кезеңде қатысушылардың зияткерлігі мен есепке жүйріктігі сыналды.

Яғни, 9-сынып оқушылары Тәкен Әлімқұловтың «Көкпар» әңгімесі бойынша әдеби сұрақтарға жауап берсе, 10-сынып оқушылары физика-математика пәнінен тест тапсырды. Қатысушылар үшін үш деңгей бойынша 25 сұрақ әзірленген. Ал, екінші айналымда олар қазақ күресінен боз кілемде күш сынасты.

– Қазақта «Күш білектен емес, жүректен» деген керемет сөз бар. Жалпы, күштің өзі жүректен, білімнен жиналады. Жастардың басын қосу, әрі Алаш арыстарының идеясын жүзеге асыру мақсатында осындай байқауды ұйымдастырып отырмыз. Негізі «Жастардың басын білімде де, спортта да қосу керек» деген Алаштың, Әлімхан бабамыздың басты идеясы еді. Ал, спорт пен білімді қатар алып жүрген ұрпақ ешқашан өлмейді, – деді Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейінің директоры Жаңагүл Тұсжанова.

М.Жұмабаев атындағы гимназияның 9-сынып оқушысы Марғұлан Аңсағанұлы математика, физика пәніне әуес. Күрделі есептерді шешіп, түрлі байқауларға қатысқанды жаны жақсы

көреді. Осы уақытқа дейін бірнеше мәрте түрлі пәндік олимпиадаға қатысып, жүлдегерлердің қатарынан көрініп жүр. Осы байқауда 10-сынып оқушыларымен бірге физика-математика пәнінен тест тапсырып, I орын иеленді. Әрі қазақ күресінен де бақ сынап, III орыннан көрінді.

– Байқаудың ережесіне сәйкес қатарластарымен әдеби сұрақтарға жауап беруім керек еді. Бірақ, өзім есепке жүйрік болған соң ұйымдастырушылардан рұқсат сұрап, математика-физика пәнінен тест тапсыруға кірдім. Өзім күрделі есептерді шешуді үйреніп жүргеннен болар, сұрақтар қатты қиынға соқпады. Жанымдағылар тапсырманы жылдам орындап, сыныптан шығып кетсе де, өзім берілген уақыт аяқталғанша отырдым. Жауабын соңына дейін отырып шештім, – деді Марғұлан.

Жарыс қорытындысы бойынша 10-сынып оқушылары арасында өткен байқаудан II орынды Сүлеймен Хамитов (М.Жұмабаев мектебі) иеленді. Ал, III орынды Нұр Абат (Ә.Ермеков мектебі) пен Ернұр Хәкім (М.Жұмабаев мектебі) өзара бөлісті.

9-сынып арасында өткен кітап тестінде Мәди Телеутаев (Б.Момышұлы мектебі) үздік атанды. Ерзат Сейтов (Ә.Ермеков мектебі) II орыннан көрінсе, Мұхамеджан Төлеген мен (Ә.Бөкейхан мектебі) Мәди Омарбеков (Ә.Бөкейхан мектебі) III орын еншіледі.

Ал, қазақ күресінен 55 келі салмақ дәрежесінде белдескен Ерзат Сейтов (Ә.Ермеков мектебі) белбеу иесі атанды. 60 келіде – Нұрзат Ақылдас (Ә.Ермеков мектебі), 75 келіде – Әбілмансұр Дос (Ә.Ермеков мектебі), +75 келіде –Аманжолов Нұрислам (Ә.Ермеков) жеңімпаз атанды.

Жалпыкомандалық есепте Әлімхан Ермеков мектеп-лицейінің оқушылары алдына қара салмады. Әліхан Бөкейхан атындағы мектеп II орыннан көрінсе, үздік үштікті Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия оқушылары түйіндеді.

Суретті түсірген автор **ҚАРАҒАНДЫ**

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aparaq» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 4 724
№54 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Аяулым СОВЕТ**